

БӨЛІМ: МАТЕМАТИКА

7 - ге көбейту және бөлу

ЖАРИЯЛАНДЫ
12.03.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/25495/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Биримжанова Айнур

Мақсаты: 1. Зат есімнің септелуі туралы түсініктерін кеңейту. Септік жалғауларын және сұрақтарын толық меңгерту. Жатыс септіктегі сөздердің қандай сұрақтарға жауап беретінін және оның жалғауларымен таныстыру.

2. Оқушылардың сабаққа деген қызушылығын арттыру, сөздік қорын күнделікті сөйлеу тілін дамыту.

3. Ұйымшылдыққа, достыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.

Сабақ түрі: жаңа сабақ

Әдіс — тәсіл: түсіндіру, сұрақ — жауап

Көрнекіліктері: интерактивті тақта, суреттер, таблица, сызбалар.

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Қазақ тілі – өз тілім, ана тілім.

Абай, Мұхтар сөйлеген дана тілім.

Қастерлейді ұл-қызың мәңгі сені,

Болашағым, бақытым, дара тілім — дей келе сабағымызды бастаймыз!

Оқушылардың назарын сабаққа аудару.

— Балалар, бүгінгі сабағымызға қонақтар келіп отыр. Олар ұстаздар. Ендеше бүгінгі келіп отырған қонақтарға өзіміздің білімдерімізді, тәртібімізді көрсетейік.

Оқушыларды үш топқа бөлу 4 оқушыдан (Ауыл атауларын таңдау арқылы)

I топ «Атау септік ауылы»

Жалғау бермей әйтеуір Атауды дара бөліпті.

Тұңғыш ұлы «Атауға»

Кім? Не? Сұрағын беріпті.

II топ «Ілік септік ауылы»

Кең дүниені бөледі,

Екі сұрақ ұсынып

Кімнің? ненің? дегені.

III топ «Барыс септік ауылы»

Барыс болса жарқылдап

3 сұрақтан қалыпты.

Кімге? Неге? Қайда? деп

Жұлдыз болып жаныпты.

-ға, -ге, -қа, -ке, болам де

4 жалғаумен қалыпты.

1. Үй тапсырмасы:

— Үйге қандай тапсырма берілді?

131 беттегі б1 – жаттығу сурет бойынша әңгіме құру. Әңгімеде табыс септігінің сөздері кездесетін болсын.

Жазған сөйлемдеріңді ауызша оқып шығамыз. Сөйлемдерін талдату.

Өткен сабақта қандай септікті өттік?

— Табыс септік (кімді? Нені? Кімдерді? Нелерді?)

Қосымша мағлұмат: Ертегі Септік

«Ерте - ерте ертеде, ешкі жүні бөртеде, зат есімжерінде, қазақ тілі елінде **Септік** деген шал болыпты. Елде жұт болып, ашаршылық жайлапты. Бұл ашаршылық Септік шалдың үйіне де келіп жетіпті. **Атау**атты ұлы қайтыс болғанда шал ағашқа аттың қылын керіп, тиегінің орнына қойыпты да, үнсіз егіліпті. Ай өткен соң Ілік деген ұлы өлгенде тағы бір ішек тағып, «**ненің зияны, кімнің көзі тиді екен?**» — деп егіледі.

Ай өткен соң **Барыс** атты ұлы дүниеден өтеді. Сонда шал тағы үшінші ішек тағып «**кімге айтып жылайын неге ғана өлді екен?**» — деп жоқтау айтады. **Табыс** атты ұлы өлгенде «**нені айтып, кімді ғана қарғайын?**» — дейді. **Жатыс** атты ұлы да аштықтан

өлгенде ағашқа бесінші ішек тағылып, «**неде, кімде екен себебі?**» – деп жылайды. **Шығыс** ұлы да қайтыс болады, алтыншы ішек тағылып «**неден қайтыс болдың, кімнен сені сұраймын?**» — деп егіледі. **Көмектесі** де сол ашаршылықтан қайтыс болғанда «**кімнен өмірсүрмекпін, немен енді шұғылданамын?**» — деп жоқтау айтып егіледі. Содан 7 ішек, 7 тиек тағылып «**жетіген**» аспабы пайда болыпты. Осы аспап арқылы Шал мұңын халыққа жеткізген деседі.

Ендеше «бәйге» ойыны арқылы өткен сабақтарда алған білімдерімізді тексерейік. Дайынбыз ба?

«Бәйге» ойыны.

с. ж. 30 — Сөйлемдегі сөздерді бір — бірімен байланыстыру үшін жалғанатын жалғауларды қалай атаймыз? (Септік жалғаулары деп атайды)

с. ж. 10 — Зат есімнің септелуі дегеніміз не? (Зат есімнің септік жалғаулары арқылы өзгеруін зат есімнің септелуі дейді)

орта. 40 — Атау, ілік септіктері қандай сұрақтарға жауап береді? (Ата септік: Кім? Не? Ілік септік: Кімнің? Ненің?)

орта. 20 — Барыс септіктің сұрақтары мен жалғауларын ата. (Кімге? Неге? Қайда? Ға, ге, қа, ке)

оң. ж. 30 — Табыс септіктегі сөздерге қандай сұрақтар қойылады? (кімді? Нені? Ны, ні, ды, ді, ты, ті)

оң. ж. 10 — Қазақ тілінде неше септік бар? (7 септік)

III Жаңа сабақ

Тірек сызбамен жұмыс.

Септіктер

Атау септік, Ілік септік, Барыс септік, Табыс септік, Жатыс септік, Шығыс септік, Көмектес септік

— Қай септіктермен жұмыс жүргіздік?

— Атау, ілік, барыс, табыс септіктерімен. Дұрыс айтасыздар. Бүгін біз келесі септікпен таныс боламыз.

Ерте, ерте, ертеде

Мінезі суық қаталдау

«Қазақ тілі» атанған

Хан патшасы болыпты.

Киіз үй тігіп жайлауға

Қыр басына қоныпты.

Септік деген атаның

Жеті ұлы болыпты.

Жетеуі де ер жетіп,

Білімімен жаныпты.

Ақылымен жетектеп

Сара жолға түсіпті.

Қазақ тілдің ұрпағы

Әкесіне сеніпті.

Жетуіне қаз-қатар

Жеті үй тігіп беріпті.

Қатаң тәртіп қағида

Білімсізді жойыпты.

Сұрақтар мен жалғауын, Жатыс септікпен таныс болыңдар

Жатыс болса бүгінде,

Кімде? Неде? сұрағы.

-да,-де,-та,-те, боп

Жабыстырып қойыпты.

Бүгінгі сабақта жатыс септігімен жұмыс жүргіземіз.

Жатыс септік.

Сұрақтары: Кімде? Неде? Қайда? Кімдерде? Нелерде?

Жалғаулары: — да,- де, — та, — те

Мысалы: қарда, аязда, боранда, әжемде

көркем жазу |Қ қ қ-дауыссыз қатаң

Сөздік диктант: әжені – т.с, найзаның –і.с, ұшқыш-а.с, атаға-б.с, кітапхана-б.с, ынтымақты-т.с

Оқулықпен жұмыс

55-жаттығу

Шөлде (т.с) гүлдейді, құлпырады,

Суда (т. с) өмірі қырқылады.

56-жаттығу

Күш-**білімде**. Балапан **ұяда** не корсе, **ұшқанда** соны алады. Ерлік **білікте** емес, **жүректе**.

Шығармашылық тапсырма: «Суретті билет» ойыны.

59-жаттығу

Өзен, жайлау, қыс, көген, бесік.

I топ «Атау септік ауылы» Қазақстан өзендерінің атауларын жазып 3-4 сөйлем құрастыру.

II топ «Ілік септік ауылы» Қыс қызығы тақырыбында әңгіме құру.

III топ «Барыс септік ауылы» Бесік жырын орындау

57 - жаттығу (ауызша орындау) Мәтінге ат қой. Жатыс септіктегі сөздер сөйлемнің қай мүшесі болып тұрғанын анықта.

Тақырыбы: «Арша»

Арша тасты жерлер**де**, таулы аймақтар**да** өседі. (Ж.с қайда?) (сөйлемде тұрлаусыз мүше болып тұр) Дәрі жасау үшін оның жемісін пайдаланады. Құрамында эфир майлары, қант, алма қышқылдары, миниралды тұздар бар.

Кестемен жұмыс.

Атау септік

Ілік септік

Барыс септік

Табыс септік

Жатыс септік

Сабақты бекіту:

Өзін - өзі бақылап, бағалау. (Тест сұрақтарына жауап беру.)

1«Әке» сөзі қай септікте тұрғанын тап

A) А.с.

C) Б.с.

B) І.с.

Д) Ж.с.

2. Ілік септігінде тұрған сөзді белгіле

